

НҰРЛЫ ЖОЛ

1991 жылдың 10 январынан шыға бастады

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы Кеңесінің, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенаты Кеңесінің және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің газеті

№49 (3314), сәрсенбі,
18 июнь, 2025 жыл

ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ҚЫТАЙМЕН КӨПЖАҚТЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ КЕҢЕЙТУ БОЙЫНША БАСТАМАЛАР КӨТЕРДІ

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев 17 июнь күні Астана қаласында “Орталық Азия — Қытай” екінші саммитіне қатысты.



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен шараға Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин, Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмон және Түркіменстан Президенті Сердар Берdimухамедов та қатысты.

Күн тәртібіне сәйкес, Орталық Азия елдері мен Қытай арасындағы өзара мүдделі ынтымақтастықты басым бағыттар бойынша кеңейту болашақтары, сондай-ақ өзекті халықаралық және аймақтық мәселелер талқыланды.

Сөзінің басында Өзбекстан Пре-

зиденті ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің Орталық Азия мемлекеттерімен достық пен ынтымақтастықты нығайтудағы, нақты жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы аймақтың тұрақты дамуын қолдаудағы рөлін ерекше атап өтті.

2023 жылы Сиань қаласында өткен алғашқы саммиттен кейін “Орталық Азия — Қытай” форматындағы ынтымақтастықта елеулі жетістіктерге қол жеткізілгені ризашылықпен айтылды.

Атап айтқанда, хатшылық құрылды, министрлер мен сарапшылардың кездесулерін және жиналыстарын өткізу механизмдері іске қосылды, кең ауқымды ынтымақтастықтың

келісімшарттық-құқықтық базасы қалыптасып келеді.

Орталық Азия елдерінің Қытаймен тауар айналымының көлемі артып келеді, биыл бұл көрсеткіш 100 миллиард долларға жетеді деп күтілуде.

— Біздің ойымызша, бір жағынан, сенім мен тату көршілік, әріптестік кеңістігіне айналған Орталық Азиядағы терең жанару үдерістері, екінші жағынан, Қытай басшылығының көрші елдермен достық қатынастарды дамытуға және “Кеңістік және жол” жаһандық концепциясын ілгерілетуге деген табанды бейілділігі осы форматтағы ынтымақтастықтың өркендеуіне жол ашып отыр, — деді мемлекетіміз басшысы.

Содан соң Өзбекстан басшысы аймақтық ынтымақтастықты одан әрі дамытуға қатысты өз көзқарасын білдірді.

Ең алдымен, бұл кездесу халықаралық жағдайдың едәуір күрделеніп тұрған сәтінде өтіп жатқаны атап өтілді. Бәсекелестіктің артуы шиеленістің күшеюіне, қауіпсіздік пен тұрақты дамуға жана қауіп-қатерлердің пайда болуына алып келуде.

— Халықаралық қайшылықтар мен даулы мәселелерді қарулы күш арқылы шешу әдісі өзін ақтамайды және ондайға жол берілмеуі тиіс деп есептейміз, — деді Президент. — Барлық қайшылықтар мен келіспеушіліктер егемендікті құрметтеу, халықаралық құқық нормалары мен БҰҰ Жарғысы негізінде тек дипломатиялық іс-әрекет — келіссөздер арқылы шешілуі керек.

Осыған байланысты саммит барысында аймақтық тұрақтылыққа ортақ үлес қосатын Мәңгілік тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы келісімшарттың қабылдануы тарихи маңызға ие екені атап өтілді. Осы келісімшартты дамыту мақсатында нақты механизмдер мен жобаларды қамтитын Ұзақ мерзімді серіктестік концепциясын әзірлеу ұсынылды.

Өзбекстан басшысы атап өткендей, Қытаймен сауда, инвестициялық және технологиялық ынтымақтастық Орталық Азиядағы барлық елдердің әлеуметтік-экономикалық даму стратегияларын жүзеге асыруда қуатты локомотивке айналуда.

Аймақ елдерінің өсіп келе жатқан әлеуетін және Қытайдың өнеркәсіп саласындағы көшбасшылығын біріктіру — білім алмасу мен технологиялар трансферіне арналған тиімді механизмдері бар кең ортақ мүмкіндіктер кеңістігінің пайда болуына алып келуі мүмкін екені атап өтілді.

(Жалғасы 2-бетте.)

Өзбекстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі суреті.

КӨПЖАҚТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫ ОДАН ӘРІ КЕҢЕЙТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

17 июнь күні Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев пен Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин келіссөз жүргізді.

Екіжақты және аймақтық маңызы бар өзекті мәселелер қаралды.

Мемлекет басшылары соңғы жылдары Өзбекстан мен Қытай арасындағы достық пен барлық жағдайларда жан-жақты стратегиялық серіктестік қарым-қатынастар бұрын-соңды болмаған жоғары деңгейге көтерілгенін үлкен ризашылықпен атап өтті.

Өзбекстан Президентінің 2024 жылғы январь айында Қытайға жасаған мемлекеттік сапары барысында қол жеткізілген келісімдер дәйекті түрде жүзеге асырылуда.

Барлық деңгейдегі байланыстар мен өзара алмасулар айтарлықтай жанданғаны атап өтілді. Сыртқы істер министрлерінің стратегиялық диалогы жолға қойылды. Үстіміздегі жылдың июнь айының басында Самарканд қаласында екінші Аумақтар форумы сәтті өтті.

Сауда-экономикалық және қаржылық-инвестициялық ынтымақтастық қарқынды дамуда. 2024 жылы тауар айналымы 14 миллиард долларға жетті. Инвестициялық жобалар портфелі 60 миллиард доллардан астамды құрауда. Еліміз аумақтарында бірлескен технопарктер мен арнайы өнеркәсіптік аймақтар табысты жұмыс істеуде, “BYD” электромобильдерін өндіру кеңеюде.

“Жасыл” энергетика, мұнайгаз, химия, фармацевтика, металлургия, тау-кен өнеркәсібі, тоқымашылық, азық-түлік және құрылыс салаларында, сондай-ақ логистика, “ақылды” ауыл шаруашылығы, жасанды интеллект және цифрландыру бағыттарында болашағы зор жобалар жасалуда.

Қытайдың жетекші қаржы институттарымен өзара тиімді ынтымақтастық жолға қойылған. “Жібек жолы” қорымен инвестиция-

лық платформаны кеңейту жоспарлануда. Қытай Эксимбанкiнiң қатысуымен астанамызда Олимпиада қалашығының құрылысы аяқталуда. Ташкент қаласында бұл банктің аймақтық бөлімшесі ашылды.

Кембағалдыққа қарсы күрес саласындағы ынтымақтастықты одан әрі тереңдету мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Жетекшілер “Қытай — Қырғызстан — Өзбекстан” стратегиялық теміржол құрылысын жеделдетудің маңыздылығын да атап өтті.

Білім, ғылым, туризм мен мәдениет, кадрлар даярлау және қытай тілін үйрету салаларындағы алмасуларды дамытуға мүдделілік білдірді.

Өзбекстанда Қытайдың Солтүстік-батыс ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы университетінің филиалы жұмыс жүргізуде, Үргеніш университетінің базасында Пекин университетімен ынтымақтастықта Халықаралық математика орталығы құрылды.

Өткен жылы Конфуций институтының 20 жылдығы атап өтілді, Қытайдың “Лу Бань шеберханасы” кәсіби білім беру жүйесі енгізілуде.

Келесі жылы екі елде мәдениет пен өнер апталықтарын өткізу жоспарлануда.

Кездесуде халықаралық күн тәртібі туралы да пікір алысты. БҰҰ, ШЫҰ, “Орталық Азия — Қытай” форматы және басқа да көпжақты құрылымдар аясындағы өзара қолдап-қуаттауды жалғастырудың маңыздылығы атап өтілді.

Сонында жетекшілер қызырында Өзбекстанның ДСҰ-ға мүше болуы бойынша екіжақты келіссөздердің аяқталғаны туралы хаттамаға қол қойылғаны хабарланды.

ӨЗА

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ШАВКАТ МИРЗИЯЕВТЫҢ “ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ҚЫТАЙ” ЕКІНШІ САММИТІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті делегация басшылары!

Қазақстан Республикасының Президенті, құрметті Қасым-Жомарт Кемелович Тоқаевқа шынайы қабылдауы және “Орталық Азия — Қытай” екінші саммитінің жоғары деңгейде ұйымдастырылғаны үшін білдірілген ризашылық сөздеріне қосыламын.

Қытай Халық Республикасының Төрағасы, құрметті Си Цзиньпин мырзаға аймақ елдерімен достық пен ынтымақтастықты нығайтуға деген берік ұстанымы үшін алғысымды білдіремін.

Сіздің “Қытай мен Орталық Азия елдерін өзара құрмет, өзара сенім және өзара көмекке негізделген көпқасырлық достық пен серіктестік байланыстары, сондай-ақ тығыз қарым-қатынастар мен сапалы ынтымақтастықты дамытуға болған ұмтылыс біріктіреді” деген сөзіңізді толығымен қолдаймын.

Жақында аталып өткен туған күніңізге орай Сіздің атыңызға білдірілген шынайы тілектер мен құттықтауларға мен де қосыламын.

Құрметті әріптестер!

Бүгінгі кездесуіміздің күн тәртібі мен дайындалған құжаттарды, соның ішінде Астана декларациясын қолдап-қуаттаймын.

Шелейіттенуден сақтандыру, білім беру саласындағы ынтымақтастық, кембағалдыққа қарсы күрес бойынша бірлескен орталықтар, сондай-ақ Орталық Азия және Қытай үздіксіз сауда платформасының іске қосылуын құптаймын. Күмән жоқ, бұл механизмдер елдеріміз арасындағы өзара іс жүзіндегі ынтымақтастықты кеңейтуге мүмкіндік береді. Өзбекстан мұндай құрылымдардың қызметін ұйымдастыру мен дамытуда белсенді қатысуға ниетті.

Құрметті делегация басшылары!

Қытай данышпандары айтқандай: “Кім достарымен бірге қадам басса, ұзаққа барады”.

Біз Сианьдағы алғашқы тарихи саммитімізден кейін елеулі нәтижелерге қол жеткіздік. Жоғарыда айтылғандай, ынтымақтастықты көп деңгейде үйлестіретін Хатшылық құрылды.

Түрлі бағыттар бойынша министрлер мен сарапшылардың кездесулері мен жиналыстарына арналған тиімді механизмдер жұмыс істеуде, кең көлемді ынтымақтастықтың келісімшарттық-құқықтық негізі қалыптасуда.

Талдаулар Орталық Азия елдерінің Қытаймен жалпы сауда айналымының өсіп келе жатқанын көрсетуде. Биыл бұл көрсеткіш шамамен 100 миллиард долларға жетеді. Бірлескен кәсіпорындар мен жобалардың саны 10 мыңнан асты.

Біздің ойымызша, бір жағынан сенім, тату көршілік және серіктестік кеңістігіне айналған Орталық Азияның өзіндегі терең жаңғыру үдерістері, екінші жағынан, Қытай басшылығының көршілес елдермен достық қатынастарды дамытуға және “Кеңістік және жол” жаһандық бастамасын ілгерілетуге деген табанды ұстанымы осы форматтағы ынтымақтастықтың өркендеуіне жол ашуда.

Осыған байланысты көпжақты ынтымақтастықты одан әрі дамытудағы өз көзқарастарымызды білдіргім келеді.

Бүгінгі кездесуіміз халықаралық ахуал айтарлықтай шиеленісіп бара жатқан жағдайда өтіп жатыр. Жоғалтулар мен шығындарға себеп болатын жана қақтығыстар өршіп, жаһандық және аймақтық деңгейдегі ірі мемлекеттер арасында өзара сенімсіздік артуда.

Бәсекелестіктің күшеюі шиеленістің өршуіне, қауіпсіздік пен тұрақты дамуға жана қауіптер мен қатерлердің туындауына әкеліп соғуда.

Даулы халықаралық мәселелер мен

күрделі түйткілдерді шешуде күш қолдану құралдарын пайдалану өзін ақтамайды және оған жол беруге болмайды деп есептейміз.

Құрметті Си Цзиньпин мырза, Сіздің жалғасып жатқан “қақтығыстар мен соғыстарда жеңімпаздар болмайды” деген сөзіңізбен толық келісемін.

Барлық даулар мен қайшылықтар егемендікті құрметтеу, халықаралық құқық нормалары мен Біріккен Ұлттар Ұйымы жарғысы негізінде тек дипломатиялық жолмен — келіссөздер үстелінде шешілуі шарт.

Атап өту қажет, алдын ала болжанбағанын мұндай жағдайда халықаралық қатынастардың бүгінгіден де тұрақты жүйелерін қамтамасыз ету үшін мемлекеттерді біріктіре алатын аймақтық механизмдердің маңызы мен рөлі арта түсуде.

Осыған байланысты бүгін елдеріміз арасындағы “Мәңгілік тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы” келісімшарттың қабылдануын тарихи оқиға деп есептеймін. Аталған құжат аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз етуге қосқан ортақ үлесіміз болып қала бермек.

Келісімшартты іс жүзінде нығайту үшін нақты механизм мен жобаларды қамтитын Ұзақ мерзімді серіктестік концепциясын қабылдау аса маңызды.

Сауда, инвестиция және технологиялық ынтымақтастық Орталық Азиядағы барлық мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық даму стратегияларын жүзеге асыруда қуатты локомотив ретінде қызмет атқаруда.

Бір ғана мысал келтірейін.

Қытайдың озық тәжірибесі негізінде біздің елімізде өнеркәсіптік әлеует пен әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға, аймақтарымызда жана жұмыс орындарын ашуға бағытталған ондаған ірі жоба іске асырылды.

(Жалғасы 2-бетте.)

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ШАВКАТ МИРЗИЯЕВТЫҢ “ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ҚЫТАЙ” ЕКІНШІ САММИТІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

(Жалғасы.
Басы 1-бетте.)

Барлық мемлекеттеріміз үшін кең мүмкіндіктер ашатын және Қытайды аймағымыз арқылы Оңтүстік Азиямен байланыстыратын Трансауған теміржол магистралі жобасының жүзеге асырылуы колдау табады деп үміттенеміз.

Осы стратегиялық саланың болашағына қатысты ортақ жанасуларды әзірлеу үшін, менің ойымша, көлік дәліздерімізге дала зерттеулерін жүргізу, логистикалық инфрақұрылымды жаңғырту мүмкіндіктерін қарастыру, баламалы дәліздер арқылы жүк тасымалдау бойынша сынақ түріндегі жобаларды іске асыру мақсатында сарапшылар топтарын құру туралы тапсырма беру қажет.

Олардың қызметінің нәтижелері бойынша келесі кездесуімізге дейін көлік дәліздері мен заманауи транзиттік инфрақұрылымдардың бірыңғай картасын жасау үшін нақты әрі негізделген ұсыныстар әзірленуі тиіс.

Елдеріміздің тұрақты дамуына төнетін үлкен қауіптердің бірі — бұл климаттың өзгеруінің салдары.

Мен сенемін, аймақта Қытайдың озық тәжірибесін кеңінен енгізу қауіп-қатерлерді азайтып, “жасыл” күн тәртібі мен қоршаған

ортаны қорғау шараларының тиімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты 2030 жылға дейінгі “Жасыл” даму бағдарламасын қабылдау және оны жүзеге асыруға мүмкіндігінше тезірек кірісу маңызды.

Шөлейттенуге қарсы күрес, тозған жерлерді қалпына келтіру, құрғақ және шөлді аймақтарда биоэкологиялық тұрақтылықты арттыру салаларында диалог пен серіктестік орнату үшін біздің форматта Экологиялық альянс құруды ұсынамын.

Қытайдың тәжірибесі мен әдістерін қолдана отырып, біз аймақта кешенді көгалдандыру және питомниктер құру, биоинженерия, биомониторинг станцияларын дамыту, сондай-ақ әлеуметтік-ағарту бағдарламаларын қамтитын сынақ түріндегі жобаларды іске асыра аламыз.

Жасанды интеллект және цифрлық технологиялар саласындағы ынтымақтастық мүмкіндіктеріне ерекше тоқталғым келеді. Дәл осы бағыттар қазіргі таңда ұлттық экономикалардың бәсекеге қабілеттілігін анықтап, ұзақ мерзімді өсімнің драйверіне айналуда.

Қытай интеллектуалды жүйелерді дамытуда көш бастап, бұл салада дәстүрлі түрде жоғары орындардан көрініп келеді.

Мен сенемін, жасанды интеллект пен бөлінбейтін, трансшекаралық электрондық арналар негізінде жұмыс істейтін ірі дерекқорлар мен процессинг орталықтары арқылы Өзара интеграцияланған банктер желісін құру экономикалық ынтымақтастықтың тұрақты цифрлық инфрақұрылымын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Негізгі энергетикалық және көлік бағыттары бойымен “Орталық Азия — Қытай” талшықты-оптикалық байланыс желісінің цифрлық магистралін құру қажет деп санаймыз.

Бұл онлайн-сауданы, “ақылды” логистиканы, бұлтты технологиялар мен жасанды интеллектті — Сиань декларациясында көрініс тапқан цифрлық күн тәртібінің барлық бағыттарын дамыту үшін берік негіз бола алады.

Халықтарымыздың бір-бірінің мәдениетін өзара байытуы мен жақындасуға деген ортақ ұмтылысы — бұл біздің баға жетпес байлығымыз. Мәдениеттер әралуандығына құрмет көрсету қағидатына сүйене отырып, ынтымақтастығымыз миллиондаған адам үшін мәдени алмасудың жаңа мүмкіндіктерін ашуда.

Бүгін жабылданып жатқан Өзара сапарларды жеңілдету бойынша бастама мен Мәдени-гуманитарлық шаралар бағдарла-

масы дәл осы мақсаттарға бағытталған.

“Жібек жолының мәдени мұрасы” бірыңғай цифрлық порталын құруды ұсынамыз.

Орталық Азия елдері мен Қытайдың тарихи-мәдени ресурстарын біріктіріп, оларды зерттеушілер, студенттер, саяхатшылар және креативті индустрия өкілдерінің пайдалануына мүмкіндік беру қажет.

Кәсіби білім беру саласында ынтымақтастық бағдарламаларын әзірлеу, университет ректорлары форумдарын өткізу, ғылым академиялары мен ғылыми-зерттеу орталықтары басшыларының кездесулерін ұйымдастыру арқылы ортақ ғылыми-білім беру платформаларын қалыптастыру мақсатқа сай болады.

Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық шешуші басым бағыттардың бірі болып қалуы тиіс. Арнайы қызметтер мен қауіпсіздік кеңестері бағытында терроризм, экстремизм, радикализм, есірткі трафиғі, заңсыз көші-қон және киберқылмыстарға қарсы күрес бойынша ақпарат алмасудың көпжақты жұмыс механизмдерін іске қосуды ұсынамын.

Біз үшін көрші ғана емес, ортақ тарихи-мәдени және экономикалық кеңістігіміздің ажырамас бөлігі саналатын Ауғанстан мәселелеріне халықаралық қауымдастықтың

назар аударуының төмендеуі бізді қатты алаңдатады.

Қытай мен Орталық Азия елдері Ауғанстанның ынтымақтастық бойынша бай тәжірибеге ие дәстүрлі серіктестері ретінде оның қайта қалпына келтірілуіне және аймақтық интеграция үдерістеріне тартылуына көмектесетін барлық мүмкіндіктерге ие деп санаймын.

Осыған байланысты, форматымыз аясында бұл мәселелерді қарастыратын жоғары деңгейдегі топ құруды және оның кездесуін Ауғанстан өкілдерінің қатысуымен шекарадағы Терміз қаласында өткізуді ұсынамын.

Құрметті әріптестер!

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Қытай Халық Республикасының өкілі Сун Вэйдун мырзаға диалогымыздың тұрақты қызмет атқаратын Хатшылығының бас хатшысы лауазымындағы жұмысына сәттілік тілеймін.

Сөзімнің соңында Өзбекстан ашық диалогқа және “Орталық Азия — Қытай” форматындағы прагматикалық әрі өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейтуге адал екенін атап өткім келеді. Мен сенемін, мұндай серіктестік елдеріміз бен халықтарымыздың игілігі мен өркендеуіне қызмет етеді.

ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ҚЫТАЙМЕН КӨПЖАҚТЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ КЕҢЕЙТУ БОЙЫНША БАСТАМАЛАР КӨТЕРДІ

(Жалғасы.
Басы 1-бетте.)

Жаңа экономикалық серіктестік бағдарламасын қысқа мерзімде қабылдау, сондай-ақ Премьер-министр орынбасарлары деңгейінде Сауда және инвестициялар бойынша аймақаралық кеңес құру осы бағыттағы нақты қадам болмақ. Өзбекстан тарапы бұл кеңестің алғашқы жиналысын осы жылдың соңына дейін өткізуге дайын екенін білдірді.

Сауда байланыстарын ынталандыру мақсатында Өзбекстан Президенті “Цифрлық кеңістік және жол” аясында “Цифрлық Жібек жолы” көпжақты сауда платформасын құру бастамасын ұсынды.

Сондай-ақ регламенттер мен стандарттарды үндестіру, экспорттық өнімдерді Қытай талаптарына сай сертификаттау үшін Ташкент қаласында Өнеркәсіпте стандарттау және сертификаттау аймақтық орталық құру қажеттігі атап өтілді.

Бизнес, жетекші ғылыми-зерттеу институттарын және инженерлік орталықтарды тарту арқылы технологиялар трансфері бойынша арнайы “жол картасын” қабылдау ұсынылды.

Өзбекстан басшысы экономикалық әлеуетті тиімді іске асыру үшін өнеркәсіптік және инфрақұрылымдық өзара байланыстарды күшейту қажеттігіне ерекше тоқталды. Осы мақсатта “Орталық Азия — Қытай:

өнеркәсіп және инфрақұрылым кеңістігі” атты ұзақ мерзімді стратегияны әзірлеу ұсынылды.

Қытай инвестициялары, технологиялық және ғылыми шешімдерді тарту арқылы өзара байланысқан өнеркәсіптік кластерлер, технопарктөр және логистикалық хабтар жүйесін құру соның бір бөлігі болмақ.

Орталық Азия елдері мен Қытайдың энергетикалық жүйелерін өзара байланыстыру, оның ішінде жоғары кернеулі электр жеткізу желісін салу бойынша ірі мегажобаны жүзеге асыру мәселелері де мұқият қаралуы қажет.

Аймақтық маңызы бар ірі жобаларды қолдай алатын тиімді қаржылық құралдарды енгізу мәселесі ерекше өзектілікке ие болуда.

— Қазіргі таңда қолданыстағы халықаралық механизмдер сөзсіз маңызды рөл атқаруда, алайда олар аймақтың инвестициялық сұранысын толық қамти алмай отыр. Сарапшылардың пікірінше, Орталық Азияның инфрақұрылымын дамыту үшін қажет капитал салымдарының жетіспеушілігі бірнеше жүз миллиард доллар деп бағалануда, — деді Өзбекстан басшысы.

Осыған байланысты инфрақұрылымдық бастамаларды алға жылжытуға мүмкіндік беретін тиімді платформа бола алатын “Орталық Азия — Қытай” даму қорын құру мүмкіндігін қарастыру ұсынылды.

Орталық Азия мен Қытай арасындағы көлік байланысын дамыту тағы бір басым бағыт ретінде атап өтілді. “Қытай — Кыргызстан — Өзбекстан” теміржолы құрылысының басталғаны Еуразия кеңістігіндегі жаңа көлік және транзит коммуникациялары жүйесінң маңызды элементі екені айтылды. Сонымен қатар Трансауған теміржол магистралінің жобасын жүзеге асыру тағы да кең мүмкіндіктердің есігін ашады.

— Осы стратегиялық сала болашағына қатысты ортақ жанасуларды әзірлеу үшін көлік мекемелерімізге далалық зерттеулер жүргізу, логистикалық инфрақұрылымды жаңғырту мүмкіндіктерін зерделеу, баламалы бағыттар бойынша жүк тасымалдау бойынша сынақ ретіндегі жобаларды іске асыру үшін сарапшылар тобын құру жөнінде тапсырма беруіміз қажет деп есептеймін, — деді Өзбекстан басшысы.

Бұл сарапшылар жұмысының нәтижелері негізінде келесі саммитке дейін көлік дәліздері мен заманауи транзиттік инфрақұрылымның бірыңғай картасын қалыптастыру бойынша нақты және негізделген ұсыныстар әзірленуі тиіс.

Мемлекетіміз басшысы климаттың өзгеруі орнықты даму үшін елеулі қауіп төндіретініне назар аударып, 2030 жылға дейінгі “Жасыл” даму бағдарламасын қабылдауды жеделдетуді, сондай-ақ шөлейттенуге

қарсы күрес, тозған жерлерді қалпына келтіру, құрғақ және шөлді аймақтарда биоэкологиялық тұрақтылықты арттыру бойынша диалог пен серіктестік үшін Экологиялық альянс құруға шақырды.

— Жасанды интеллект және цифрлық технологиялар саласындағы ынтымақтастық мүмкіндіктеріне ерекше тоқталғым келеді. Дәл осы бағыттар бүгінде ұлттық экономикалардың бәсекеге қабілеттілігін айқындап, ұзақ мерзімді өсудің драйверіне айналуда, — деді Президентіміз.

Экономикалық ынтымақтастықтың орнықты цифрлық инфрақұрылымын қалыптастыру мақсатында үлкен деректер базалары мен процессинг орталықтарының Өзара интеграцияланған банктер желісін құру, сондай-ақ негізгі энергетикалық және көлік бағыттары бойымен “Орталық Азия – Қытай” талшықты-оптикалық байланыс желісінің цифрлық трассасын салу ұсынылды.

— Халықтарымыздың бір-бірінің мәдениетін байытуға және жақындасуға деген ортақ ұмтылысы — бұл біздің баға жетпес байлығымыз. Бүгін қабылданып жатқан Өзара сапарларды жеңілдету бастамасы мен мәдени-гуманитарлық іс-шаралар бағдарламасы — осы мақсаттарға бағытталған, — деді Президентіміз.

Осы бағыттағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту мақсатында Орта-

лық Азия елдері мен Қытайдың тарихи-мәдени ресурстарын қамтитын, зерттеушілерді, студенттерді, саяхатшыларды және креативті индустрия өкілдерін біріктіретін “Жібек жолының мәдени мұрасы” атты бірыңғай цифрлық портал құру ұсынылды.

Сондай-ақ кәсіби білім беру саласында ынтымақтастық бағдарламасын әзірлеу, университет ректорлары форумдарын, ғылым академиялары мен ғылыми-зерттеу орталықтары басшыларының кездесулерін өткізу арқылы ортақ ғылыми-білім беру платформасын қалыптастыру орынды екені атап өтілді.

Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық негізгі басым бағыттардың бірі болып қала береді. Осыған байланысты Президентіміз терроризм, экстремизм, радикализм, есірткі саудасы, заңсыз көші-қон және киберқылмыстарға қарсы күресте арнайы қызметтер мен қауіпсіздік кеңестері арқылы көпжақты ақпарат алмасу механизмдерін жолға қоюдың маңыздылығын атап өтті.

— Біз үшін көршілес қана емес, ортақ тарихи-мәдени және экономикалық кеңістігіміздің ажырамас бөлігі болып табылатын Ауғанстан проблемаларына халықаралық қауымдастықтың назар аударуының төмендеуі үлкен алаңдаушылық туғызуда, — деді Өзбекстан басшысы.

Қытай мен Орталық Азия елде-

рінің Ауғанстанмен ынтымақтастықтағы бай тәжірибесін атап өткен Өзбекстан Президенті бұл елдің қалпына келуіне жәрдемдесу және оны аймақтық интеграция үдерістеріне тарту мәселелерін қарастыратын жоғары деңгейлі топ құруды ұсынды.

Ауғанстан өкілдерінің қатысуымен бұл топтың кездесуін Терміз қаласында өткізуге дайындық білдірілді. Мемлекетіміз басшысы сөзінің соңында Өзбекстан “Орталық Азия — Қытай” форматындағы ашық диалогты, прагматикалық және өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейтуді қолдайтынын атап өтті.

Жиын соңында мемлекет басшылары Астана декларациясына және Мәңгілік тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы келісімшартқа қол қойды.

Сондай-ақ үкіметаралық және кеңсөаралық құжаттардың ауқымды топтамасы қабылданды.

Саммит қорытындысында кембағалдыққа қарсы, шөлейттенуге қарсы күрес, білім саласындағы ынтымақтастық орталықтары мен кедергісіз сауда бойынша ынтымақтастық платформасын іске қосу рәсімі өтті.

Сонымен Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиязевтың Астанаға іс жүзіндік сапары аяқталды.

ӨЗА

Тәрбие

АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛЕДІ

“Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, келешекте оның өміріне опат әкеледі, адамға ең бірінші керегі тәрбие”, – деп Өл-Фараби айтқандай, педагогика ғылымының зерттейтін негізгі мәселелерінің бірі – тәрбие. Ұрпаққа берілетін ең өзекті идеясына халықтың адами қасиеттері тұғыр болуы тиіс. Қай халық болсын, өзіне ғана дараланып тұратын ерекшелігінің бірі – тәрбие. Бұл ерекшеліктер ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа мирасқа қалып отырады. Осы заманғы адамгершілік тәрбиесі жекелеген бағыттарға ғана емес, адамгершілік құндылықтарға негізделеді.

Ұлтымыздың қалыптасуы, ұлттық сананың бастаулары арғы түркі заманына, терең тарих қойнауына жетелейді. Сол себептен, осы түркі тілдес халықтардың туыстығы мен бірлігін айшықтайтын тарихи-мәдени ортақ жазба мұраларды бүгінде бір арнада зерттеп-зерделеуге назар аударылды.

Адам — ең әуелі адамгершілігімен, парасатының биіктігімен көрікті. Мәдениет жоғары адам айналасындағылармен қарапайым қарым-қатынаста болады. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру. Халықта “Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде

көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың”, деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады.

Ұлттық тәрбиенің қайнар көзі халық педагогикасы мен дәстүрлеріне қайта оралу ғана емес, ол — қоғамдық өмір талабынан туындаған қажеттілік, мәдениеттің әлеуметтік-тұрмыстық дәстүрлі түрлерін танып-білу, оның рухани бастауына терең бойлау, туған елінің, ұлтының өзіндік ерекшелігін аялап, сақтауға үйрету. Рухани байлықтың көзі ол — ұлттық құндылықтар мен даналыққа негізделген, халқымыздың ғасырдан ғасырға екшеп жеткізген асыл мұрасы арқылы ұрпақ тәрбиелеуге бағытталған тағылымды өнегесі. Рухани байлық тұлғаның болмысын ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыратындықтан ол үнемі игілікке бағытталады. Рухани байлықты асыл арна деп қарас-

тыру оның адам өміріндегі маңызына ежелгі грек философтарының еңбектерінен көреміз. “Дүниенің көзі, тұтқасы, түп негізі — заттық нәрсе емес, рухани дүние” — деп, философ Платон атап көрсеткендей, руханилыққа ұмтылу түпкі талап екендігін, одан әрі Абай еңбектері жалғастырады. Оның қара сөздері мен шығармалары, өлең жолдары соның дәлелі. “Жүрекке қайрат болмаса” (1998 ж.) өлеңінде: “Мал да бар жан мен тән, Ақыл, сезім болмаса. Тіршіліктің иесі сән, Тереңге бет қоймаса?” — деп, жан мен тән құмарлығы рухани байлық көздеріне ұмтылу екендігін меңзейді.

Бәсекеге қабілетті ұрпақты жан-жақты кемел етіп тәрбиелеу үшін алдымен жан қазынасының негіздерінің бірі сенімділік пен шындықтың бастауына үнілу керек шығар. Оқыту, білім беру, тәрбиелеу — баланың ішкі жан-дүниесінің біртіндеп дамуына әсер ететін, түрткі болатын, жағдай жасайтын, оларды іске асыратын сыртқы факторлар екені анық. Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы — бүгінгі мектеп қабырғасында отырған бүлдіршіндер екені мәлім. Олардың қамын ойлау баршаамыздың парызымыз.

Хасан АХМЕДОВ, ШМПУ Туризм факультетінің оқу істері бойынша декан орынбасары.

Өмір белесі

БІЛІМНІҢ ІРГЕТАСЫ

Қоғам дамуының негізі – сапалы білімде.

Ал сол білімнің алғашқы баспалдағы – бастауыш білім. Бұл кезең — тек әріп танытып, сан үйретумен ғана шектелмейді, баланың ой-санасын, дүниетанымын, тұлғалық қасиеттерін қалыптастыратын маңызды өмір белесі.

Бастауыш мектеп — баланың алғаш рет әлеуметтік ортаға бейімделетін, өз ойын жеткізуге, пікір айтуға, жауапкершілікке үйренетін орны. Мүғалім үшін әр бала — жеке әлем. Оның танымдық қабілеттерін оятып, ынтасын арттыру — кәсіби шеберлік пен жүрек жылуын талап етеді. Мұны жай ғана қызмет деп емес, ұрпақ тәрбиесіне қосылған үлес деп қараған жөн.

Бүгінгі күні елімізде білім беру жүйесі жанартылып, бастауыш сынып бағдарламалары да заман талабына сай өзгеруде. Критериалды бағалау, белсенді әдіс-тәсілдер, ойын арқылы оқыту, оқушының жеке қабілетіне қарай бағыт беру — осының айғағы. Бұрын мұғалім басты тұлға болса, қазір оқушының белсенділігі алдыңғы қатарға шықты. Бұл — еліміздің білім саласындағы он қадамдардың бірі.

Дегенмен, бастауыш білім саласында шешімін күткен мәселелер де бар.

Ауыл мектептеріндегі мұғалім тапшылығы, оқу құралдарының жетіспеушілігі, цифрлық технологияларды меңгеру деңгейінің әртүрлілігі — бұлар жүйелі қолдауды қажет ететін жайттар. Сонымен қатар, ата-аналар мен мектеп арасындағы байланыс, отбасы мен мұғалімнің тәрбиедегі бірлігі — оқушының дамуы үшін маңызды фактор.

Бастауыш білім — бұл келешектің іргетасын қалайтын маңызды кезең. Егер бұл кезеңде сапалы білім мен дұрыс тәрбие берілсе, ел болашағының жарқын боларына сенім зор. Ендеше, осы бастауыш білім беру саласына мемлекет тарапынан да, қоғам тарапынан да ерекше мән беріліп, қолдау көрсетілуі тиіс.

Нұқұлжон РАХИМОВА, Шыршық мемлекеттік педагогика университетінің оқытушысы.

Таным

ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ БІЛІМ ҚАЖЕТ

XXI ғасыр — ақпараттық қоғам және технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Бүгінгі білім мазмұны мұғалім мен оқушының арасындағы байланысты субъективті деңгейге көтерудегі демократиялық бастамалардың барлығы мұғалімдер арқылы жүзеге асады.

Тәуелсіз Өзбекстанның әлемдік өркениетке жету-дегі бірден-бір дара жолы да білім жүйесі. Орта мектеп — білім жүйесінің ең басты буыны. Орта мектепті қаланған білім негізгі оқушының болашағына

жол ашады. Қазіргі кезеңдегі басты мәселенің бірі жана технологиялардың дамуы кезеңінде болашақ ұрпақтың тәрбиесі мен білім алуында ұстаздардың атқаратын рөлі ерекше. Егемен еліміздің бола-

шағы, оның әлемдік өрке-ниеттегі өз орны, ең алды-мен білім мен тәрбиенің бастауы — ұстаз қолында.

Ұстаз үшін ең басты мәселе оқыту әдісін дұрыс тандау. Жана педагогика-лық технологиялар оқушы-ның жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуында басты рөл атқарады. Жана техно-логияларды менгеру мұға-лімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, аза-маттық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмекте-седі.

“Өз еңбегін талдай біл-ген адам ғана тәжірибелі

әр сабақты слайдтар қол-дану арқылы өткізсек, әр сабағымыздың өзінде оқушыларды тілге деген қызығушылығымызбен баурап алатынымыз сөз-сіз.

Солай екен, инновация-лық педагогикалық техно-логияларды пайдаланудан алдын инновация сөзінің мағынасын ашып алайық: “Инновация” — (латын тілі-нен алғанда — жана) ау-дарғанда жәналау, жана өзгеру, деген мағыналар-ды білдіреді. Инновация дегеніміз — жана мазмұн-ды ұйымдастыру, ал жана-лық енгізу дегеніміз — тек қана жаңалық енгізу, ұйым-дастыру, яғни инновация-лық үрдісті мазмұнды да-мыту, ал “жаңаша” деп

Хусан АХМЕДОВ, ШМПУ Туризм факультетінің оқытушысы.

Маңызды жоба

Мемлекет басшысының үстіміздегі 2025 жылды “Қоршаған ортаны қорғау және “жасыл” экономика жылы” деп жариялауы Жаңа Өзбекстанда табиғатты қорғауға, экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған назардың іс жүзіндік дәлелі деуге болады.

КЕЛЕР ҰРПАҚ ҮШІН ТИІМДІ

Еліміздің табиғаты ежелден-ақ жасыл болып, ауасының тазалығымен, мөлдір, дертке дауа су-ларымен адамзатты өзен тәнті етіп келген. Де-генмен өнеркәсіптің дамуы, энергия ресурстары-на талаптын артуы табиғаттың табиғи қалпы-на өзінің кері әсерін тигізбей қойған жоқ. Сон-дай-ақ бүгінгі таңдағы климаттың өзгеруі, бар-ған сайын қоршаған ортаның ластануы, су тап-шылығы, бастысы, адамзаттың табиғатқа зия-нын тигізу сынды факторлар өлкеміздің тамаша табиғатына нұқсан келтіруде.

Ал қазірде “Яшил макон” жалпыұлттық жоба-сының өмірге енгізілуі осы сынды мәселелердің шешімін табудағы маңызды бастама болмақ. Соның нәтижесінде халықтың ежелгі құндылық-тарының бірі болған бас жатқан жерлерге көшет отырғызу, аумақты жасыл-желекке айналдырып, көгалдандырудай игі дәстүрлері жалғасуда. Ерте көктемнен бастап көшет отырғызу, ағаш өсіру, баптау істері жаппай қолға алынды. Бұған тек бағбандар мен сала өкілдері ғана емес, еліміз-де жұмыс жүргізіп жатқан түрлі сала өкілдері, ұйымдар мен мекемелер, өндірістік және өнер-кәсіп орындарының басшылығы мен қызметкер-лері бірдей жұмылдырылуда. Яғни қазірде елі-міздің бар аумағында көгалдандыру, абаттан-дыру істеріне назар бұрынғыдан да арта түскен. Әрине, бұл “Яшил макон” жалпыұлттық жобасы-ның өмірге енгізілуі, алдымен еліміз табиғатын көгалдындыруға, климаттың жағдайын жақсар-туға қызмет етсе, екіншіден, азаматтардың ауыз-біршілігін, ынтымағын нығайтуға қызмет етпек.

Сонымен қатар “Жасыл” экономикаға өту идеясының алға тартылуы энергия ресурстарын тұтынуды әртараптандыру және қайта тіктеле-тін энергия көздерін пайдалануды дамытуға, кли-маттық өзгерістердің салдарын жұмсартуға, та-биғи ресурстарды пайдаланудың нәтижелілігін арттыруға, табиғи экोजүйелерді қорғауға, кли-мат өзгеруі жағдайында нәтижелі, үнемді және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қолайлы жағдай жасауда.

Бұдан тыс, үстіміздегі жылдың “Қоршаған ор-таны қорғау және “жасыл” экономика жылы” деп жариялануы еліміз азаматтарын жыл басында атқарылған көшет отырғызу, көгалдандыру істе-рімен шектеліп қана қоймай, әр адамның басты міндеті болған қоршаған ортаны қорғауға, та-биғи ресурстарды үнемді пайдалануға деген жауапкершілік міндетін одан әрі арттырады.

Солай екен, баршамыз табиғатты, қоршаған ортаны қорғауға атсалысайық. Айналаны абат етіп, көгалдандыруға жұмыла кірісейік. Мұндай игі де ізгі істерде қашанда біз, үлкендер, оқыту-шылар, студент-жастарға үлгі-өнегелі болайық. Себебі айналамызда жасыл аумақтардың кене-йіп, гүлденуі табиғатты келер ұрпаққа қаз-қал-пында жеткізуде маңызды орын иелейді.

“Жасыл” экономика экологиялық таза, энер-гия, су, тағы басқа да табиғи ресурстарды үнем-дейтін технологияларды енгізіп, экологияның қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Ал еліміздің 2019-2030 жылдарда “жасыл” экономикаға өту стратегиясын орындау, қайта тіктелетін, тиімді энергия көздерін пайдалану мүмкіндіктерімізді кеңейтеді. Климаттық өзгеріс жағдайында нәти-желі ресурс үнемді және экологиялық қауіпсіз экономиканы қамтамасыз етеді.

Барно БАДАЛОВА, ШМПУ-дың факультетаралық орыс тілі кафедрасының меңгерушісі.

Жаңа ғасыр — жаңа талап

БАЛАБАҚША — БАЛАНЫҢ АЛҒАШҚЫ МЕКТЕБІ

Қазіргі заманда білім беру жүйесі үздіксіз даму мен жаңғыру үстінде. Бұл үдеріс тек мектеп пен жоғары оқу орындарын ғана емес, ең маңызды әрі нәзік буын — мектепке дейінгі тәлім-тәрбие мен оқытуды да қамтиды. Өйткені адамның тұлғалық қалыптасуы, өмірге бейімделуі, мінезі мен құндылықтары балалық шақтан — дәл сол балабақша кезеңінен басталады.

Балабақша — баланың алғашқы қоғамдық ортасы, алғашқы әлеумет-тік байланыс орнататын, алғашқы тәртіпке бағынуды үйренетін маңыз-ды мекеме. Бұл ортада баланың бі-лімге деген алғашқы қызығушылығы оянып, ойлау қабілеті, тіл байлығы, шығармашылық әлеуеті қалыптаса бастайды. Сондай-ақ адами құнды-лықтар — мейірімділік, қамқорлық, до-стық, сыйластық сынды қасиеттер де осы ортада дарытылады.

Педагогтар мен психологтардың зерттеулері бойынша, адамның пси-хологиялық және зияткерлік дамуы-ның 70 пайызға жуығы 6 жасқа дейін жүзеге асады. Демек, дәл осы кезең-де берілетін тәрбие — баланың бүкіл өміріне әсер ететін іргетас. Сондық-тан балабақшаның рөлі — тек бала-ны қарау немесе уақытша күтім жа-сау емес, тұлғаның негізін қалту.

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі тәлім-тәрбие жүйесі заманауи талап-тарға сай жанаруда. Инновациялық бағдарламалар, ойын арқылы оқыту әдістері, цифрлық технологияларды қолдану, үштілділікке бейімдеу сияқ-ты тың бастамалар балабақшалар-дың жұмыс тәжірибесіне кенінен ену-

де. Бұл балалардың тек танымдық қабілеттерін арттырып қана қоймай, олардың заманауи ортаға бейімделу-іне де жол ашады.

Сонымен қатар ата-анамен тығыз қарым-қатынас орнату, тәрбие мен білім беру үрдісіне отбасын тарту — қазіргі педагогиканың маңызды бағы-ты. Бала тәрбиесі тек тәрбиешіге ғана емес, ата-ана мен қоғамға да ортак іс екені күн сайын дәлелденіп келеді.

Дегенмен бұл салада шешімін қажет ететін өзекті мәселелер де жеткілікті. Әсіресе ауылдық елді ме-кендерде балабақшаға қолжетімді-ліктің төмендігі, білікті мамандар тап-шылығы, материалдық-техникалық базаның әлсіздігі — бүгінгі күннің бас-ты түйткілдері. Кейбір балабақшалар-да қажетті ойын құралдары, дамыту-шы ресурстар жетіспейді, ал тәрби-ешілер бір мезгілде бірнеше міндетті қатар атқарып жүр.

Мемлекет тарапынан мектепке дейінгі тәлім-тәрбие саласына қолдау көрсету бағытында түрлі бағдарлама-лар қолға алынып жатыр. Алайда бұл бағыттағы жұмысты жүйелі түрде жа-лғастырып, нақты нәтижелерге қол

жеткізу — уақыт талабы. Өйткені ба-лабақшаға салынған қаржы, еңбек ұлттың болашағына жасалған инвес-тиция.

Балабақшадағы тәрбиеші — ерек-ше мамандық иесі. Ол тек сабақ жүргі-зіп қана қоймай, баланың ішкі жан дүниесін түсінетін, оның әрбір мінез-құлқын зерттейтін, үлкен жүректі пе-дагог. Тәрбиеші — баланың екінші ата-анасы, әрі өмірге дайындайтын алғашқы ұстазы.

Сондықтан тәрбиеші мамандығы-на жүрек қалауымен келген жан ғана бұл жауапкершілікті толық сезініп, ба-лалардың болашағына шын жана-шырлықпен қарай алады. Тәрбиеші-лерге рухани әрі материалдық тұрғы-дан қолдау көрсету — олардың кәсі-би дамуына, өз ісіне деген сүйіспен-шілігін арттыруға ықпал етеді.

Балабақша — жай ғана мекеме емес, бұл — болашақ тұлғаның ірге-тасы қаланатын киелі орта. Баланың білім мен тәрбиедегі алғашқы баспал-дағы осы жерден басталады. Сондық-тан мектепке дейінгі тәлім-тәрбие саласы ұлттың интеллектуалды, мәде-ни, рухани болашағының негізі.

Егер біз болашаққа кемел ұрпақ тәрбиелегіміз келсе, онда тәрбие мен білім берудің ең алғашқы саты-сы — балабақшаға жан-жақты көңіл бөлуіміз керек. Әрбір ата-ана, тәрби-еші, жалпы қоғам осы міндетке жау-апкершілікпен қараса, еліміздің ертеңі жарқын, болашағы нұрлы бол-мақ.

Лола БОЛИЕВА, Шыршық мемлекеттік педагогика университетінің оқытушысы.

Жүйедегі жаңашыл бағыттар

БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ

Білім — адамзат өркениетінің алтын діңгегі. Ал сол білімнің бастауы саналатын бастауыш мектеп — әрбір тұлғаның алғашқы қадамын нық басуына жол ашатын маңызды кезең. Бастауыш білім бұл тек әріп таныту мен есеп үйрету емес, ол баланың ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымын қалыптастыратын, өмірге көзқарасын анықтайтын алтын уақыт.

Алғашқы ұстаздың мейірімі, алғаш ашылған оқулықтың иісі, алғаш қол көтеріп жауап берген сәт — мұның бәрі адамның санасында мәңгі сақ-талатын бағалы естеліктер. Өйткені дәл осы ке-зеңде баланың тұлғалық қасиеттері мен білімге деген құштарлығының негізі қаланады.

Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесі жана деңгейге көтеріліп, жаһандану заманындағы өзге-рістерге бейімделіп келеді. Цифрлы технология-лардың білім үдерісіне енуі, жанартылған оқу бағ-дарламасы, критериалды бағалау жүйесі — жал-пы барлығы бастауыш тәлім-тәрбие саласына да ықпалын тигізуде.

Мұғалім бұрынғыдай тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар баланың тұлғалық дамуын бағыт-тайтын, шығармашылық әлеуетін оятатын көшбас-шыға айналуда. Әр оқушының қабілетін танып, соған сай жеке траекториямен жұмыс істеу — за-манауи мұғалімнің басты міндеттерінің бірі.

Дегенмен, бұл салада шешімін қажет ететін бір-қатар өзекті мәселелер де жоқ емес. Бастауыш сынып мұғалімдерінің еңбек жүктемесі жылдан-жылға артып келеді. Бағдарлама күрделеніп, оқулықтардың сапасына қатысты сын-пікірлер де жиі айтыла бастады. Сонымен қатар кейбір ата-аналардың білім мен тәрбиеге деген немқұрай-лығы — баланың оқу үлгеріміне кері әсер етуде.

Мұғалімдер кейде тек сабақ беруші ғана емес, психолог, тәрбиеші, кеңесші рөлдерін де қатар атқаруға мәжбүр. Мұның барлығы олардан кәсіби біліктілікпен қатар, үлкен тәзімділік пен жанашыр-лықты талап етуде.

Ұстаз — ұлттың ұлы тұлғасы. Ал бастауыш мұға-лімі — баланың болашағына бағыт-бағдар бере-тін, оның ішкі жан дүниесіне үңіле алатын ең нәзік мамандық иесі. Сондықтан бұл салада еңбек ете-тін мамандарға ерекше қолдау мен қамқорлық қажет. Олардың жалақысын көтеру, біліктілікті арттыру курстарын жетілдіру, психологиялық және әлеуметтік қолдауды күшейту — бұл тек ұстаздар үшін емес, жалпы білім сапасы үшін аса маңызды.

Бастауыш білім — болашақтың берік іргетасы. Бұл кезеңде қаланған білім мен тәрбие — бала-ның бүкіл өмір жолын айқындайды. Сондықтан бұл бағытқа тек білім беру мекемелері емес, ата-ана мен қоғам да үлкен жауапкершілікпен қарауы тиіс. Әрбір оқушы — ел болашағы. Ал сол болашаққа бастар жол бастауыш мектептен басталады. Сон-дықтан да “Бастауыш білім — болашаққа бастар жол” деген сөз еліміз ертеңіне сеніммен қарай-тын ұстаным болуы тиіс.

Абдумалик КУЧКИНОВ, Шыршық мемлекеттік педагогика университети Бастауыш білім теориясы мен практикасы кафедрасының доценті.

Тілсіз жау

АЗАМАТТАРДЫҢ ҚАТЫСУЫ МАҢЫЗДЫ
Өткен кезең барысында тұрғын үйлерді өрттен қорғауда бірқатар онды өзгерістерге қол жеткізілді. Мұнда, әрине азаматтардың қатысуы маңызды рөл ойнайды. Азаматтардың үйдегі газ плитасының орнын өз бетімен өзгертпеуі, газ, үтік, теледидар сынды электрлі жиһаздарды сөндіріп жүруі, әсіресе жас балаларды жалғыз және бақылаусыз қалдырмауы апаттың алдан алуға қызмет етеді.
В.САРАБОВЕ, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасының ғимаратында ӨҚТҰБ-ның инспекторы.

ЕРЕЖЕЛЕРГЕ КӨНІЛ БӨЛІНІЗ
Жаз мезгілі келіп, күн ысыған сайын азаматтардың үйді немесе жұмыс орнын салқындату үшін кондиционер, вентилятор сынды құрылғыларға талабы арта түседі. Мұндайда ақауы бар электр құрылғыларын пайдаланбау, бірнеше электр жиһазының билкасын бір розеткаға қосу, өрт туындағанда үйден сыртқа шығатын жолдарды түрлі бұйымдармен тазалау қажет. Сондай-ақ қазірде үйдегі жиналған қоқыстарды өртеу де өрттің туындауына себеп болады.
Д.ДЖАББАРОВ, Өзбекстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ғимаратында ӨҚТҰБ-ның кіші инспекторы.

БАЛАЛАРҒА ҮЙРЕТУ ҚАЖЕТ
Балалардың санасында оттың қауіптілігін, өрттің аянышты салдарын түсіндіріп отырудың маңызы зор. Себебі жастайынан берілген білім балалардың есінде қалады. Сол мақсатта “Бунядкор” спорт алаңында балаларға өртке қарсы түсіндіру істері жиі өткізіледі. Әсіресе сала мамандарының өрттің алдын алу және сөндіруде көрнекі құралдармен өткізетін түсіндіру істері балалардың қызығушылығын арттырады, үлкен әсер қалдырады.
А.АДИЛОВ, “Бунядкор” спорт алаңында ӨҚТҰБ-ның кіші инспекторы.

Х.ҚОДИРОВА, Шыршық мемлекеттік педагогика университетінің оқытушысы.

